

**«8D02209-Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған
Ибраимова Анар Ратаевнаның «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени
ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, филология ғылымдарының
кандидаты (PhD), профессор Айман Жылқыбайқызы Қобланованың**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттар сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген міндеттерге сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023-жылғы 28-наурыздағы №248 қаулысы) «Қазақстан білім және ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мақсатына қол жеткізуге және «Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету» міндетінің шешімін табуға тікелей бағытталған. Сонымен қатар қоғауға ұсынылып отырған жұмыс «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029- жылдарға арналған тұжырымдамасын» (Қазақстан Республикасы үкіметінің 2023-жылғы, 28-наурыздағы №250-

		қаулысы) іске асырудың «мәдениеттің барлық бағыттарын дамытудың жүйелілігі мен кешенділігі» және «мәдениеттің үдемелі дамуының тарихи сабақтастығы мен үздіксіздігі» деп аталатын қағидаттарын басшылыққа алады. Бұл тұжырымдамаларда аталғандай, «қазақстандық материалдық емес мәдени мұра элементтерін танымал етуге және олардың азаматтың дүниежүзілік рухани мұрасы деңгейіне шығуына, ұлттық менталитет пен бірегейлікті сақтауға ықпал ететін болады».
	1)Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 4. «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді. Аталған ғылыми-техникалық саланың «Аксиологиялық зерттеулер және этика» бағытындағы маңызды нәтижелерінің бірі ретінде зерттеу «қазіргі заманғы гуманитарлық зерттеу саласында дүниетанымдық және рухани құндылықтарды жан-жақты бағалаудың маңыздылығын» дәйектейді. Диссертация Қазақстан Республикасы мен Қыта Халық республикасы арасындағы дипломатиялық, мәдени және ғылыми байланыстардың нығаюына қызмет ететін мәдениетаралық коммуникация мәселесіне арналған. Зерттеу қазіргі гуманитарлық ғылымдардың трансформациясы кезеңіндегі өзекті
	2)Диссертация мемлекеттік аясында (бағдарламаның көрсету); басқа бағдарлама орындалған атауын	
	3)Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі	

		жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	трендтермен, нақты айтқанда, ұлттар арасындағы тілдік-мәдени әрекеттестікті қарастырумен тікелей байланысты. Бұл тақырып «Ұлттың зияткерлік әлеуетін нығайту», «Ұлттық кодты сақтау» тәрізді стратегиялық бағыттарға толықтай сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертациялық зерттеу ұлттық тілтанымның лингвомәдениеттану, этнолингвистика және салыстырмалы-типологиялық тіл білімі бағыттарындағы ізденістерге жаңаша серпін береді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Аталмыш диссертациялық зерттеу жұмысы айтарлықтай үлес қосады. Атап айтқанда диссертацияның тақырыбы, құрылымы, мазмұн-межесі, ұсталған ғылыми теориялық ұстанымы дәйекті. Автордың зерттеу барысындағы қол жеткізген нәтижелері, қорытындылары, сүйенген ғылыми-теориялық пайымдаулары тиянақты, әрі нақты. Тілдік фактілерді салғастыру әдісі де талапқа сай. Екі халықтың, қазақ пен қытай халқының этикеттік сөз орамдары тақырыптық топтарға бөлініп, саралана талдауы жоғары деңгейде деп бағалаймыз. Қазақ және қытай халықтарының этикеттік сөз үлгілері салғастыра қарастыру одан этикалық мәнділікке ие мән-мағыналарды ашу диссертациялық зерттеу жұмысының маңыздылығының жоғары екенін көрсетеді.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеудің өзіндік жүйе құруы тарауларға, тақырыптарға, оларды қысқа тақырыпшаларға бөлуі еркін, стильдік тұрғыдан баяндау мәнері диссертациялық жұмыс авторының өзіндік қолтаңбасын айқын танытады. Диссертациялық жұмысты жазу барысында диссертанттың тиісті басылымдарда ғылыми мақалалар жариялау, конференцияларда баяндамалар жасауы ізденушінің жазба тіл дағдысының өзіндік деңгейін және оның жоғары екенін байқатады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыда тиісінше жан-жақты негізделген. Диссертацияның тақырыбы мен мазмұны толық сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы кіріспе және үш тараудан, әр тарау тарауша-тармақтардан, қорытындыдан және сілтеме жасалған әдебиет тізімінен тұрады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның тараулары мен тараушалары бір-бірімен байланысты, бірізді болып келеді. Тараушалары арасында логикалық қисын, өзара үйлесімділік сақталған. Әрбір тараудың соңында жасалған тұжырымдар мен қорытындылар диссертациялық зерттеудің ретті, жүйелі екенін көрсетіп, толығынан айқындай түседі.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келіп отырады. Қазақ және қытай тілдеріндегі этикалық, ұлттық рухани дүниетанымының бейнесі айқындала отырып, әр халықтың лингвомәдени танымындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтары сипатталып отырады. Диссертацияға қойылатын міндеттер мен мақсаттар тақырып аясына барынша сәйкес келіп отырады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста бұрыннан белгілі қағидаттар мен әдістерді қолдана отырып автор өз тарапынан тиісті фактологиялық материалдарға сүйене келіп, өз ойынан да жаңа бағытқа сәйкес жаңаша талдау жасап отырады. Автор қазақ және қытай тілдеріндегі этикеттік құрылымдардың мағыналарына лексика-семантикалық жақтан талдау жасап этикеттік атаулардың мәдени семантикалық қырларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды өзіндік ізденістермен айқындап аша түскен. Типологиялық жақтан әрбасқа санаттағы қазақ, қытай тілдеріндегі этикеттік бірліктерді салғастырмалы типологиялық әдістерді қолдана отырып автор экспериментті талдау

			тәсілдерін ұтымды қолданған. Этикеттік атауларды тақырыптық топтарға жинақтай отырып, олардың мазмұнындағы мәдени семантикалық мәнділіктерді өз пайымдауларымен ашып, әр халықтың ұлттық танымына тән ерекшеліктерді, ұқсастықтарды өзіндік ізденістермен айқындай түседі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудің барысынан алынған негізгі нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып саналады. Автор зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында қазақ және қытай тілдеріндегі этикеттік атаулардың мазмұн межесіне тән ортақ мәдени құндылықтар, сонымен қатар әр халықтың өзді-өзіне тән мәдени-тарихи өзгешеліктерінің лингвоконцептілік аяда қарастырылуы, олардың мәдениетаралық коммуникациядағы алатын орны көрсетіліп, мәні мен мазмұны ашыла түседі. Этикет аясындағы концептуалды таным білімнің мәдениетаралық коммуникациядағы орнының айқындалуы зерттеу жұмысының барынша жаңа екенін, зерттеу барысында алынған нәтижелерінің толығымен жаңа екенін танытады.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу негізгі үш тараудан тұрады. Әр тараудың жинақталып берілген қорытындылары да толығымен жаңа болып саналады. Аталған екі тілдің мәдениетаралық коммуникациясы, этикеттік формулалардың қалыптасу жолдарының көрсетілуі, олардың метафораланып, яғни мәтінішілік түрленуі жағынан арнайы қарастырылуы, тілішілік құрылымы жағынан варианттардың пайда болуы, коммуникациялық дискурстарда ықшамдалулардың кездесуін айқындауы диссертациялық жұмыс қорытындысының өзіндік жаңалығы деуге болады. Этикеттік нормаларда мәдениетаралық коммуникациядағы сауда, спорт, саяси қарым-қатынас саласында алатын орнының сипатталуын талдау жұмыстың ғылыми қорытындысының жаңалығы болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми талдау барысында алынған нәтижелер мен шешімдер, толықтай жаңа болып саналады.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеуде айтылған пікірлер, дереккөздер ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелермен негізделіп отырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық зерттеу барысында диссертант А.Р. Ибраимова ұсынған мына қағидаттар: 7.1. Ғылыми қағидаттар дәлелді 7.2. Ғылыми зерттеудегі қағидаттар тривиалды емес 7.3. Ғылыми зерттеудегі қағидаттар жаңа 7.4. Ғылыми зерттеудегі қағидаттардың қолдану деңгейі ауқымды 7.5. Диссертация тақырыбы бойынша жазылған 9 мақалада қағидаттар дәлелденген . Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім

		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференциялардың материалдарында жарияланған.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік	Иә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті әрі дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысында автор салғастырмалы типологиялық әдісті компонентті талдау әдістері жүйелеу, семасиологиялық талдау әдісі, жинақтау, топтау тәсілдерін қолданған.

	технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Диссертациялық зерттеудің барысында компьютерлік технологияларды қолданған.Зерттеу нәтижелері тілдік деректерді констатациялаумен шектелмей, интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған кестелер, сызбалар жасалған, көрнекілікті пайдаланған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Компьютерлік технологияны қолдану барысында зерттеу жұмысында алынған нәтижелер модельдер, деректерді өңдеу, интерпретациялау әдістемелеулерге сүйену барысында қол жеткізген нақты тілдік деректердің мазмұнын ашуда оң нәтижелерге қол жеткізген. Қазақ тілін шет тілдерде, шет тілдерін қазақ тілінде оқыту тәжірибесін этикеттік сөз орамдарын оқыту үрдісінде пайдалану лингвомәдениеттануда, екі тілді сөздіктер жасауда, сондай-ақ елімізде қарқынды дамып келе жатқан туризм саласындағы білім беруде сөздіктер жасауда едәуір көмегі тиеді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу барысында көрсетілген маңызды мәліметтер сенімді және нақтылы. Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары, мақалалары, зерттеу жұмысына тікелей қатысты.Атап айтқанда, зерттеу жұмысына тікелей қатысты теориялық еңбектер:

			Уәлиханов Ш.Ш., Чен Сунцэн, Цзян Цзюн. Формановская Н.И, Гумбольдт В., СепирЭ., Гердер И.Г.,Кузнецов И.Н.,Чанышев А.Н., Сыздық Р., Ә. Қайдар, Уәли Н., Оразбаева Ф., А.Ж.Қобланова.,Бизақов С., Даулетова Ф., Салқынбай А., Есенова Қ., Досымбекова Р.Ө., Тұрманжанов Ө., Өмірәлиев Қ., т.б.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Иә. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, шетел филологиясы, туризм саласындағы білім беру салаларындағы зерттеулерге де өзіндік үлес қосады. Қазақ және қытай тіліндегі этикеттік сөз орамдарын этномәдени мазмұнын тереңірек тануға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қазақ және қытай тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде аудиториялық сабақтарда қытайша-қазақша, қазақша-қытайша этикеттік лексикография саласын дамытуға өзіндік үлес қосады.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып саналады. Себебі қазақ және қытай тілдеріндегі этикеттік сөз орамдарын арнайы салғастыра қарастыру алғаш рет зерттеліп отыр.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық зерттеу ғылыми стильде жазылған, жазу деңгейі жоғары, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарт талабына сай.
11.	Диссертацияға ескертулер	Зерттеудің өзектілігіне, құндылығына нұқсан келтірмейтін, дегенмен диссертанттың болашақтағы ізденістері үшін қажет деген ескертулерді атап өтеміз: 1) этикеттік қарым-қатынастың елімізде мәдениетаралық, әсіресе туризм саласында өрістеп келе жатқанын атап айтқан жөн болар еді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың тақырып аясында жариялаған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары.	

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02209-Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған Ибраимова Анар Ратаевнаның «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» атты диссертациялық зерттеуі заманауи шынайылық қажеттіліктерге сай зерттеудің мән-мазмұны айқын, біліктілігі жоғары ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысы автордың ғылыми ізденіске жатады. Салғастырмалы этика, этикет саласындағы теориялық мәселелерді шешуге өз үлесін қоса алатын шетел филологиясының маманы екенін ескере отырып, Ибраимова Анар Ратаевнаны «8D02209-Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп санаймын.
-----	---	---

Ресми рецензент:

**Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақ тілі теориясы
және оқыту әдістемесі кафедрасы
филология ғылымдарының кандидаты (PhD), профессор**

11 маусым 2025 жыл

